**Аудиторлық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 15 шілдедегі № 724 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 65 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 шілдеде № 19068 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.06.2021 № 568 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2021 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6 тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 15.12.2022 № 1285 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.12.2022 № 127 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес аудиторлық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, тексеру/профилактикалық бақылау жүргізу үшін аудиторлық ұйымдарға қатысты аудиторлық қызмет саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, тексеру/профилактикалық бақылау жүргізу үшін кәсіби аудиторлық ұйымдарға қатысты аудиторлық қызмет саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру үшін аудиторлық ұйымдарға қатысты аудиторлық қызмет саласындағы тексеру парақтары;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес рұқсаттама талаптарға сәйкестігін тексеру үшін кәсіби аудиторлық ұйымдарға қатысты аудиторлық қызмет саласындағы тексеру парақтары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 15.12.2022 № 1285 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.12.2022 № 127 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2025 № 815 және Премьер-Министрінің орынбасары –

Ұлттық экономика министрінің 29.12.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орынадалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Р.Б. Бекетаевқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**
**Премьер-Министрінің бірінші**
**орынбасары - Қазақстан**
**Республикасының Қаржы министрі**
**________________Ә. Смайылов**

**Қазақстан Республикасының**
**Ұлттық экономика министрі**
**________________Р. Дәленов**

**"КЕЛІСІЛГЕН"**
**Қазақстан Республикасы**
**Бас прокуратурасының**
**Құқықтық статистика және арнайы**
**есепке алу комитеті**

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2019 жылғы 15 шілдедегі
№ 724 және
Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 16 шілдедегі
№ 65 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

## Аудиторлық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 05.06.2023 № 606 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.06.2023 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы аудиторлық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің ( бұдан әрі – Кодекс) 141-бабына және 143-бабына сәйкес, "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемдерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) бақылау субъекті (объекті) – аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдар мен аудиторлық ұйымдар;

3) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

4) елеулі бұзушылықтар – әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқпайтын, бірақ жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу;

5) елеусіз бұзушылықтар – 2 (екі) ай ішінде "4"-тен төмен баға алған жағдайда, сапаны бақылау комитетінің және (немесе) кәсіби аудиторлық ұйымның шешімімен айқындалатын мерзімде анықталған кемшіліктерді жоймауы;

6) өрескел бұзушылықтар – мемлекеттің мүдделерін қозғайтын "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік қолдануға әкеп соғатын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) біліктілік және рұқсаттама талаптарға сәйкестігін (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру) тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

9) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

12) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

13) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің ( объектілердің) тізбесі.

**2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) аудиторлық қызмет саласындағы талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін ( объектілерін) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар жөніндегі бақылау субъектілерін ( объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерге (объектілерге) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар жөніндегі бақылау субъектілерін ( объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылады.

4. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Осы Өлшемшарттардың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес бұзушылық дәрежесі ( өрескел, елеулі, болмашы) субъективті өлшемшарттар бойынша өрескел, елеулі, болмашы бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

5. Аудиторлық қызмет саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел

дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

**1-параграф. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары**

6. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

7. Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізгеннен кейін бақылау субъектілері ( объектілері) тәуекелдің екі дәрежесі (жоғары және орта) бойынша бөлінеді.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне мыналар жатады:

1) міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдар;

2) міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдар мүшелері болып табылатын кәсіби ұйымдар.

9. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі орташа бақылау субъектілеріне мыналар жатады:

1) міндетті аудит жүргізбейтін аудиторлық ұйымдар;

2) міндетті аудит жүргізбейтін аудиторлық ұйымдар мүшелері болып табылатын кәсіби ұйымдар.

**2-параграф. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары**

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады.

11. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалауға мынадай:

1) бақылау субъектісі оның ішінде уәкілетті органға, қаржылық есептілік депозитарийіні (бұдан әрі – депозитарий) пайдалана отырып ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері пайдаланылады.

Талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалауға мынадай:

1) бақылау субъектісі оның ішінде уәкілетті органға, депозитарийіні пайдалана отырып ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулердің нәтижелері ақпарат көздері пайдаланылады.

12. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде аудиторлық қызмет саласындағы уәкілетті органдар талдауға және бағалаула жататын субъективті өлшемшарттарды бойынша деректерді қалыптастырады.

13. Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

14. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Қағидалардың 3 және 4-қосымшасына сәйкес нысанда субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.

**3- параграф. Тәуекелдерді басқару**

15. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

16. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осындай негіздер көзделген болса, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен талдаудың, аудиттің, сараптамалардың қолданылатын

баламалы (тәуелсіз) жүйелері негізінде бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуден босату мүмкін болады.

### 3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

17. Осы Өлшемшарттардың 3-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Аудиторлық қызмет саласындағы уәкілетті орган бақылау субъектісіне (объектісіне ) және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруге бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізуге байланысты осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес бойынша ақпарат жинайды және субъективті өлшемшарттар бойынша деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) 14-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, депозитарияда автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Rарал = SP + SC, мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылау әрбір саласының бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын ( іріктемені) құрайды.

18. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 12-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл

тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPз = (SP2 x 100/SP1) x 0,7, мұнда

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPн = (SP2 x 100/SP1) x 0,3, мұнда

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

SP = SPз + SPн, мұнда

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

19. Осы Өлшемшарттардың 14-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^{n} x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

xi - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

wi - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы xi
n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 14-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

20. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{пром} - R_{min}}{R_{max} - R_{min}},$$

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

Rmax – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

Rmin – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Rарал – осы Өлшемшарттардың 17-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Аудиторлық қызмет
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

**Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылу дәрежесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2025 № 815 және Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.12.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| **№** | **Бұзушылықтың ауырлық дәрежесі деңгейінде белгіленетін талаптар сақталмаған кезде** | **Бұзушылық дәрежесі** |
|---|---|---|
| 1. Аудиторлық ұйымдар бойынша | | |
| | Аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес есептілікті уәкілетті органға | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | ұсыну немесе уақтылы ұсыну ( жыл сайынғы есеп есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін) | Өрескел | |
| 2 | Аудиторлық ұйымдар қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша есептілікті уәкілетті органға ұсыну немесе уақтылы ұсыну ( тоқсан сайынғы есеп есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін) | Елеулі | |
| 3 | Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша ақпаратты уәкілетті органға ұсыну немесе уақтылы ұсыну (азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде) | Өрескел | |
| 4 | Аудиторлық ұйымның қызмет түрлерін жүзеге асыруы:<br>аудит стандарттары бойынша ілеспе және басқа да қызметтер;<br>бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық есептілікті жасау;<br>ішкі аудит;<br>салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру;<br>салықтар бойынша аудит жүргізу және салықтар бойынша аудиторлық қорытынды жасау; квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу;<br>алғашқы статистикалық деректерді қалыптастыру;<br>қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау, экономикалық, қаржылық және басқарушылық консультация беру ;<br>бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау мәселелері бойынша консультация беру;<br>бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, | Өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | салық салу, аудит және қаржы-шаруашылық қызметті талдау мен қаржылық жоспарлау бойынша оқыту;<br>бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыру жөнінде ұсынымдар беру, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыруға үйрету;<br>бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, аудит , қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау, аудит стандарттары бойынша ілеспе қызметтер көрсету жөнінде әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ оларды тарату;<br>аудиторлық қызметке байланысты заң қызметтерін көрсету | | |
| 5 | Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған немесе ерікті түрде шыққан немесе шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, сондай-ақ кәсіби ұйым аккредиттеуден айырылған кезде аудиторлық ұйымның кәсіби аудиторлық ұйымға кіргенін растайтын құжаттардың болуы | Өрескел | |
| 6 | Аудитті жүзеге асыру кезінде мүліктік зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының болуы | Өрескел | |
| 7 | Аудит жүргізуге арналған шарттың болуы | Елеулі | |
| 8 | Аудит жүргізу және (немесе) аудит стандарттары бойынша ілеспе және басқа да қызметтер көрсетуге арналған шарттың болуы: шарттың нысанасы, мерзімі, ақы төлеу мөлшері мен талаптары, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, алынған ақпараттың құпиялылығы, сондай-ақ кәсіби ұйымға мүшелігі | Елеулі | |
| | Аудиттелетін субъектіге бухгалтерлік есеп жүргізуде, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | қаржылық есептілікте және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпаратта анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты беру (оның ішінде мемлекеттік мекемелерде) | Елеулі | |
| 10 | Аудиторлық ұйымның соңғы үш жылда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты жасалған ұйымдарға аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге де ақпарат аудитін жүргізу құқығына шектеулерді сақтауы | Өрескел | |
| 11 | Аудиторлық ұйымның соңғы үш жылда бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық есептілікті жасау және (немесе) ішкі аудит бойынша ( бухгалтерлік есеп және (немесе) қаржылық есептілік бөлігінде) көрсетілген қызметтер ұсынылған ұйымдардың квазимемлекеттік сектор субъектілеріне аудит, салықтар бойынша аудит, арнайы мақсаттағы аудит, өзге де ақпарат аудитін жүргізуге тыйым салуды сақтауы | Өрескел | |
| | Мәліметтерді тіркеу, мәліметтер мен құжаттарды сақтау, құжаттарды қорғау шараларын сақтау бөлігінде әзірленген ішкі бақылау қағидаларының және оны жүзеге асыру бағдарламаларының болуы; қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты уақтылы ұсыну немесе ұсынбау; клиенттерді ( олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдау; ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтату және (немесе) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтату жөніндегі шаралар туралы ақпарат беру; клиентке Іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және ( немесе) өзге мүлікпен | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | операцияларды жүргізуден бас тарту және (немесе) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту жөніндегі міндеттерді орындау және (немесе) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды Іскерлік қатынастар және ақшамен және ( немесе) өзге де мүлікпен операциялар жүргізу; ішкі бақылау қағидаларында бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында даярлау мен оқыту бағдарламасын орындау; қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беру туралы өз клиенттеріне және өзге де тұлғаларға хабарламау жөніндегі талаптарды сақтау | Өрескел | |
| 13 | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудиторлық есептің дұрыстығын қамтамасыз етуі | Өрескел | |
| 14 | Аудит стандарттарын, Әдеп кодексін сақтау | Елеулі | |
| | Ең төменгі талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымның міндетті аудит жүргізуі:<br>1) ұйымдар бойынша:<br>кәсіби кеңес қорытындысының және (немесе) мүшесі аудиторлық ұйым болып табылған өткізілген сыртқы сапаны бақылаудың нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттары және Этика кодексі талаптарының сақталуын растайтын аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымның қорытындысының бар болуы;<br>аудиторлық қызметтер көрсетуге шартты жасаған күнге дейін соңғы 1 (бір) жыл ішінде әкімшілік жазалардың болмауы;<br>аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуы; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15 | бір ұйыммен, оның ішінде қаржы ұйыммен 7 (жеті) жыл бойы аудитті үздіксіз жүзеге асырылған жағдайда ротациялауға жатады.<br>2) ұлттық компаниялардың, ұлттық холдингтердің және ұлттық басқарушы холдингтердің, жер қойнауын пайдаланушылардың аудиті бойынша;<br>аудиторлық ұйым басшысының аудиторлық қызметпен айналысу мерзімі кемінде 5 (бес) жыл;<br>қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша кемінде 10 (он) аудиттелетін субъектілер бойынша аудиторлық есептердің болуы;<br>кәсіби бухгалтер сертификаты бар кемінде 2 (екі) маманның болуы.<br>3) Қаржы ұйымдары және " Қазақстанның Даму Банкі" Акционерлік қоғамы бойынша аудиторлық ұйымның құрамында:<br>бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants ( ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales ( ICAEW), Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар, немесе соңғы бес жылдың 3 (үш) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" деген біліктілік куәлігі бар топтың басшысы болып табылатын маманы бар;<br>құрамында бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants ( ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales ( ICAEW), Certified Management | Өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар немесе соңғы бес жылдың 2 (екі) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" біліктігі бар кемінде 2 (екі) маманы бар;<br>аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде аудиттелетін қаржы ұйымы алдында өтелмеген қарызы болмауы;<br>аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде құрамында аудиттелетін қаржы ұйымының алдында банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит шарты бойынша берешегі жоқ аудитор және ( немесе) топ басшысы | |
| 16 | Салықтар бойынша аудиторлық қорытындыны аудиттелетін субъектінің орналасқан жеріндегі мемлекеттік кіріс органына ұсынуы | Елеулі |
| 17 | 2 (екі) ай ішінде "4"-тен төмен баға алған жағдайда, сапаны бақылау комитетінің және (немесе ) кәсіби аудиторлық ұйымның шешімімен айқындалатын мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюуы | Елеусіз |
| 2. Кәсіби аудиторлық ұйымдар бойынша | | |
| 1 | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсыну; Кәсіби аудиторлық ұйымның қызметі туралы жартыжылдық есеп (есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсыну | Өрескел |
| 2 | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсыну; Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын өткізуі және сертификаттар беруі туралы жыл сайынғы есеп (есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін) ұсыну | Өрескел |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсыну; Міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есеп (есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсыну; | Өрескел | |
| 4 | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсыну; Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің, кәсіби аудиторлық ұйымның сапаны сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдардың сапасына жүргізілген сыртқы сапа бақылауы туралы тоқсан сайынғы есеп (есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсыну | Өрескел | |
| 5 | Кәсіби ұйым кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға қатысты сапаны сыртқы бақылау жүргізу 3 (үш) жылда бір рет жүргізу | Елеулі | |
| 6 | Кәсіби ұйымның құрылтайшылары мен қатысушыларының болып табылатын аудиторлар немесе аудиторлық ұйымдардың ғана болуы | Елеулі | |
| 7 | Уәкілетті органның ескерту хаты шығарылған себептерді 3 (үш) ай ішінде жою | Өрескел | |
| 8 | Мүшелер қабылдаған (шығып кеткен, шығарылған), сондай-ақ басқару жұмыс органының дербес құрамы өзгерген жағдайда, осы өзгерістер туралы уәкілетті органға хабарлау | Елеулі | |
| 9 | Өз қызметін аудитор ретінде жүзеге асыратын аудиторлардың ғана сапаға сыртқы бақылау жүргізуі | Елеулі | |
| | Сапаны жоспардан тыс сыртқы бақылау негіздерін сақтауы:<br>аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және кәсіптік ұйымдардың әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) өтініш кәсіби кеңес немесе кәсіби ұйыммен алған жағдайда; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | аудиторлар және (немесе) аудиторлық ұйымдар жұмысының нәтижелерімен келіспеген жағдайда;<br>кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілерінің бастамасы бойынша;<br>аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және кәсіптік ұйымдардың қызметіне байланысты келіп түскен өтініштерге сәйкес уәкілетті органның бастамасы бойынша | Елеулі | |
| 11 | Аудиторлық ұйымдар - кәсіби ұйым мүшелерінің орташа санының 10 (он) пайызында, бірақ кемінде 5 (бесеуінде) күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылу фактілерінің болмауы | Өрескел | |
| 12 | Бекітілген ішкі жоспар бойынша әрбір аудиторлық ұйым бойынша сапаға жоспарлы сыртқы бақылау жүргізу мерзімдерінің сақталуы | Елеулі | |
| 13 | Аудиторлармен сыртқы сапаны бақылау жүргізу мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен аспайды | Елеулі | |
| 14 | Сыртқы сапаны бақылау қорытындылары бойынша бағаны айқындау мерзімі 2 (екі) айдан аспайды | Елеулі | |
| | Сапаға сыртқы бақылау жүргізу тәртібін сақтау:<br>сапаны сыртқы бақылау рәсімін ұйымдастыру жөніндегі мәселелері;<br>сапаға сыртқы бақылау рәсіміне қатысқан бақылаушының не басқа адамдарды шеттетудің (өздігінен бас тартудың) негіздері;<br>сапаға сыртқы бақылау жүргізудің бағдарламасы мен кезеңдері;<br>құрылтайшы және құқық белгілеуші құжаттар, лицензиялар, аудиторлардың біліктілік куәліктері, аудиторлардың біліктілігін арттыру бойынша құжаттар, кадрлық құрам жөніндегі құжаттар, аудит сапасына сыртқы бақылау жөніндегі ішкі құжаттар, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15 | орындалған аудиторлық тапсырмалар бойынша жұмыс құжаттары қамтылатын аудиторлық ұйымның сапасына сыртқы бақылауды жүргізуге жататын құжаттарының тізбесі;<br>сапаға сыртқы бақылауға жататын аудит бойынша жобаларды іріктеу , сондай-ақ мүдделер қақтығысын болдырмайтын бақылаушыларды іріктеу өлшемшарттары ( тәуелсіздікті қамтамасыз ету);<br>аудиторлық қызмет көрсету шартын орындауға аудиторлық ұйым жолдаған ресурстардың жеткіліктілігі;<br>аудиторлық ұйымның сапасына ішкі бақылау жүйесі;<br>ішкі бақылау қағидаларының және оларды жүзеге асырудың мынадай бағдарламаларының болуы: қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламалары;<br>технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттердің тәуекелдерін және көрсетілетін қызметтерді қылмыстық мақсаттарда пайдалану тәуекелдерін ескеретін, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату ), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға тәуекелін басқару бағдарламалары ;<br>клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасын;<br>клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасын;<br>қаржы мониторингі субъектілерін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( | Елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында даярлау және оқыту бағдарламасын;<br>жекелеген аудиторлық тапсырмалардың сапасын тексеру мәселелері;<br>сапаны бақылау комитеті мен кәсіби ұйым сапаға сыртқы бақылау жүргізу барысында қол жеткізген ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ;<br>бақылаушылардың есептілігі мен аудиторлық ұйымның сапаға сыртқы бақылаудан өту нәтижелерін ресімдеу<br>аудиторлық ұйымның сапаны сыртқы бақылаудан өту нәтижелерін іске асыруы жөніндегі шаралар | |

Аудиторлық қызмет
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
2-қосымша

## Талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізу үшін нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылу дәрежесі

| **№** | **Бұзушылықтың ауырлық дәрежесі деңгейінде белгіленетін талаптар с ақталмаған кезде** | **Бұзушылық дәрежесі** |
|---|---|---|
| 1. Аудиторлық ұйымдар бойынша | | |
| 1 | Аудиторлық ұйымның құрамында кемінде 2 (екі) адамнан тұратын ( оның ішінде басшысының және ( немесе) құрылтайшылардың ( қатысушылардың) болуы | Өрескел |
| 2 | Аудитордың өз қызметін аудитор ретінде тек бір аудиторлық ұйымның құрамында жүзеге асыруы | Өрескел |
| 3 | Аудиторлық ұйымның жарғылық капиталында аудиторға ( аудиторларға) және (немесе) шетелдік аудиторлық ұйымға ( ұйымдарға) тиесілі үлесінің кемінде жүз пайыз болуы | Өрескел |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес аудиторлық ұйымның басшысына қатысты бұрын ол жетекшілік еткен аудиторлық ұйымның лицензиясынан айыру туралы мәліметтердің болмауы | Өрескел |
| 5 | Аудиторлық ұйым басшысының, сондай-ақ аудиторларда аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы берген "аудитор" біліктілік куәлігінің болуы | Өрескел |
| 6 | Филиал басшысының Қазақстан Республикасының аумағында филиал құрған жағдайда, "аудитор " біліктілік куәлігінің болуы | Өрескел |
| 7 | Орта немесе ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады | Өрескел |
| 8 | Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының резиденті-басқа аудиторлық ұйымның қатысушысы болмайды | Өрескел |
| 2. Кәсіби аудиторлық ұйымдар бойынша | | |
| 1 | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар ғана кәсіби ұйымдардың құрылтайшылары мен қатысушылары болуы | Елеулі |
| 2 | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар бір ғана кәсіби ұйымның мүшесі болуы | Елеулі |
| 3 | Кәсіби ұйымдардың басқару органы соңғы бес жылдың ішінде кемінде 3 жыл аудит саласында жұмыс тәжірибесі бар кемінде үш аудитор - кәсіби ұйымның мүшелері қатарынан құрылады | Елеулі |
| 4 | Кәсіби ұйымда жұмыс органдарының болуы:<br>сапаны бақылау бойынша;<br>аудит және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша;<br>аудиторлардың біліктілігін арттыру бойынша;<br>әдеп мәселелері бойынша;<br>дауларды қарау бойынша | Елеулі |

Аудиторлық қызмет
саласындағы тәуекел

дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
3-қосымша

## Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес аудиторлық ұйымдарға қатысты аудиторлық қызмет саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2025 № 815 және Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.12.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| **№ р/с** | **Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші** | **Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі** | **Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл ( барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wi** | **Шарттар / мәндер, xi** |
|---|---|---|---|---|
| | | | | 1-шарты / мәні |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін | | | | |
| 1. | Аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес есептілікті уәкілетті органға ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау (жыл сайынғы есеп есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін) | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 15 | 1 факт |
| | | | | 100% |
| 2. | Аудиторлық ұйымдар қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша есептілікті уәкілетті органға ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау ( тоқсан сайынғы есеп есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін) | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 15 | 1 факт |
| | | | | 100% |
| | Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша ақпаратты уәкілетті органға | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын | | 1 факт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау ( азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап 15 ( он бес) жұмыс күн ішінде) | есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 15 | 100% |
| 4. | Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған немесе ерікті түрде шыққан немесе шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, сондай-ақ кәсіби ұйым аккредиттеуден айырылған кезде аудиторлық ұйымның кәсіби аудиторлық ұйымға кіргенін растайтын құжаттардың болмауы | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 30 | 1 факт<br>100% |
| 5. | Аудитті жүзеге асыру кезінде мүліктік зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының болмауы | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 25 | 1 факт<br>100% |
| 6. | Аудиторлық ұйымның аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге де ақпарат аудитін және міндетті аудитті жүргізу құқығына шектеулерді сақтамауы | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Бақылау субъектісіне ( объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау тізіміне енгізу | 1 факт<br>100%<br>25% |
| | | | | 1 факт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. | Аудиторлық ұйымның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу тәртібін сақтамауы | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау тізіміне енгізу | 100% |
| 8. | Аудиторлық ұйымның анық емес аудиторлық есеп жасауы | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау тізіміне енгізу | 1 факт<br>100% |
| 9. | Қаржы мониторингі субъектісінің "Web ҚМЖ" ақпараттық жүйесіне/ қаржы мониторингі платформасына тіркелгенін растайтын құжаттардың болмауы | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 15 | 1 факт<br>100% |
| | Талаптарға сәйкестігін тексеру үшін | | | |
| 1. | Аудиторлық ұйымның құрамында кемінде 2 (екі) адамнан тұратын (оның ішінде басшысының және (немесе) құрылтайшылардың (қатысушылардың) болмауы | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Талаптарға сәйкестігін тексеру тізіміне енгізу | 1 факт<br>100% |
| 2. | Аудитордың өз қызметін аудитор ретінде тек бір аудиторлық ұйымның құрамында жүзеге асырмауы | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Талаптарға сәйкестігін тексеру тізіміне енгізу | 1 факт<br>100% |
| | Аудиторлық ұйымның жарғылық капиталында аудиторға (аудиторларға) және (немесе) шетелдік аудиторлық ұйымға | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен | | 1 факт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | (ұйымдарға) тиесілі үлесінің кемінде жүз пайыз болмауы | мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 30 | 100% |
| 4. | Аудиторлық ұйым басшысының, сондай-ақ аудиторларда аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы берген "аудитор" біліктілік куәлігінің болмауы | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 40 | 1 факт<br>100% |
| 5. | Филиал басшысының Қазақстан Республикасының аумағында филиал құрған жағдайда, " аудитор" біліктілік куәлігінің болмауы | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 20 | 1 факт<br>100% |
| 6. | Орта немесе ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайды | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Талаптарға сәйкестігін тексеру тізіміне енгізу | 1 факт<br>100% |
| 7. | Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының резиденті-басқа аудиторлық ұйымның қатысушысы болмайды | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 10 | 1 факт<br>100% |

Аудиторлық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
4-қосымша

## Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес кәсіби аудиторлық ұйымдарға қатысты аудиторлық қызмет саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

| № р/с | Субъективті өлшем шарттар көрсеткіші | Субъективті өлшем шарт көрсеткіші бо йынша ақпарат көзі | Маңыздылығы бой ынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 б аллға дейін болуы т иіс), wi | Шарттар / мәндер, x i |
|---|---|---|---|---|
| | | | | 1-шарты / мәні |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін | | | | |
| 1. | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсынбау; Кәсіби аудиторлық ұйымның қызметі туралы жартыжылдық есеп (есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсынбау | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 25 | 1 факт |
| | | | | 100% |
| 2. | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсынбау; Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын өткізуі және сертификаттар беруі туралы жыл сайынғы есеп ( есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін) ұсынбау | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 25 | 1 факт |
| | | | | 100% |
| | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсынбау; Міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есеп (есепті | Бақылау субъектісі ( объектісі) ұсынатын есептілік пен | | 1 факт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсынбау | мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 25 | 100% |
| 4. | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсынбау; Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің, кәсіби аудиторлық ұйымның сапаны сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдардың сапасына жүргізілген сыртқы сапа бақылауы туралы тоқсан сайынғы есеп (есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсынбау | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 25 | 1 факт<br>100% |
| 5. | Кәсіби ұйым кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға қатысты Сапаны сыртқы бақылауға 3 (үш) жылда бір рет жүргізбеу | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау тізіміне енгізу | 1 факт<br>100% |
| 6. | Кәсіби ұйымның құрылтайшылары мен қатысушыларының болып табылатын аудиторлар немесе аудиторлық ұйымдардың ғана болмауы | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау тізіміне енгізу | 1 факт<br>100% |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Талаптарға сәйкестігін тексеру үшін | | | |
| 1. | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар ғана кәсіби ұйымдардың құрылтайшылары мен қатысушылары болмауы | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | Талаптарға сәйкестігін тексеру тізіміне енгізу | 1 факт |
| | | | | 100% |
| 2. | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар бір ғана кәсіби ұйымның мүшесі болуы | Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 100 | 1 факт |
| | | | | 100% |

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2019 жылғы 15 шілдедегі
№ 724 және Қазақстан
Республикасы Ұлттық
экономика министрінің
2019 жылғы 16 шілдедегі
№ 65 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

**Тексеру парағы**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2025 № 815 және Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.12.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес аудиторлық қызмет
саласындағы аудиторлық ұйымдарға қатысты
Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды
тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________________
______________________________________________________________________
Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды
тағайындау туралы акт _______________________________________________
____________________________________________________________________
№______________________ күні____________________________________

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ___________________________
_____________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі _______________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы_____________________________________

| **№** | **Талаптар тізбесі** | **Талаптарға сәйкес келеді** | **Талаптарға сәйкес келмейді** |
|---|---|---|---|
| 1 | Аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес есептілікті уәкілетті органға ұсыну немесе уақтылы ұсыну (жыл сайынғы есеп есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін) | | |
| 2 | Аудиторлық ұйымдар қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша есептілікті уәкілетті органға ұсыну немесе уақтылы ұсыну (тоқсан сайынғы есеп есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін) | | |
| 3 | Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша ақпаратты уәкілетті органға ұсыну немесе уақтылы ұсыну ( азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде) | | |
| | Аудиторлық ұйымның қызмет түрлерін жүзеге асыруы:<br>аудит стандарттары бойынша ілеспе және басқа да қызметтер;<br>бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық есептілікті жасау;<br>ішкі аудит;<br>салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | жөніндегі заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру;<br>салықтар бойынша аудит жүргізу және салықтар бойынша аудиторлық қорытынды жасау;<br>квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу;<br>алғашқы статистикалық деректерді қалыптастыру;<br>қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау, экономикалық, қаржылық және басқарушылық консультация беру;<br>бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау мәселелері бойынша консультация беру;<br>бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, салық салу, аудит және қаржы-шаруашылық қызметті талдау мен қаржылық жоспарлау бойынша оқыту;<br>бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыру жөнінде ұсынымдар беру, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыруға үйрету;<br>бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, аудит, қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау, аудит стандарттары бойынша ілеспе | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қызметтер көрсету жөнінде әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ оларды тарату;<br>аудиторлық қызметке байланысты заң қызметтерін көрсету | | |
| 5 | Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған немесе ерікті түрде шыққан немесе шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, сондай-ақ кәсіби ұйым аккредиттеуден айырылған кезде аудиторлық ұйымның кәсіби аудиторлық ұйымға кіргенін растайтын құжаттардың болуы | | |
| 6 | Аудитті жүзеге асыру кезінде мүліктік зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының болуы | | |
| 7 | Аудит жүргізуге арналған шарттың болуы | | |
| 8 | Аудит жүргізу және ( немесе) аудит стандарттары бойынша ілеспе және басқа да қызметтер көрсетуге арналған шарттың болуы: шарттың нысанасы, мерзімі, ақы төлеу мөлшері мен талаптары, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, алынған ақпараттың құпиялылығы, сондай-ақ кәсіби ұйымға мүшелігі | | |
| | Аудиттелетін субъектіге бухгалтерлік есеп жүргізуде, қаржылық есептілікте және қаржылық есептілікке | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | байланысты басқа да ақпаратта анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты беру (оның ішінде мемлекеттік мекемелерде) | | |
| 10 | Аудиторлық ұйымның соңғы үш жылда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты жасалған ұйымдарға аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит , өзге де ақпарат аудитін жүргізу құқығына шектеулерді сақтауы | | |
| 11 | Аудиторлық ұйымның соңғы үш жылда бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық есептілікті жасау және ( немесе) ішкі аудит бойынша (бухгалтерлік есеп және (немесе) қаржылық есептілік бөлігінде) көрсетілген қызметтер ұсынылған ұйымдардың квазимемлекеттік сектор субъектілеріне аудит, салықтар бойынша аудит, арнайы мақсаттағы аудит , өзге де ақпарат аудитін жүргізуге тыйым салуды сақтауы | | |
| | Мәліметтерді тіркеу, мәліметтер мен құжаттарды сақтау, құжаттарды қорғау шараларын сақтау бөлігінде әзірленген ішкі бақылау қағидаларының және оны жүзеге асыру бағдарламаларының болуы; қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар туралы | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12 | ақпаратты уақтылы ұсыну немесе ұсынбау; клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдау; ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтату және (немесе) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтату жөніндегі шаралар туралы ақпарат беру; клиентке Іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және ( немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту және (немесе) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту жөніндегі міндеттерді орындау және (немесе) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды Іскерлік қатынастар және ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жүргізу; ішкі бақылау қағидаларында бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында даярлау мен оқыту бағдарламасын орындау; қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беру туралы өз клиенттеріне және өзге де тұлғаларға | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | хабарламау жөніндегі талаптарды сақтау | | |
| 13 | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудиторлық есептің дұрыстығын қамтамасыз етуі | | |
| 14 | Аудит стандарттарын, Әдеп кодексін сақтау | | |
| | Ең төменгі талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымның міндетті аудит жүргізуі:<br>1) ұйымдар бойынша:<br>кәсіби кеңес қорытындысының және ( немесе) мүшесі аудиторлық ұйым болып табылған өткізілген сыртқы сапаны бақылаудың нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттары және Этика кодексі талаптарының сақталуын растайтын аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымның қорытындысының бар болуы;<br>аудиторлық қызметтер көрсетуге шартты жасаған күнге дейін соңғы 1 (бір) жыл ішінде әкімшілік жазалардың болмауы;<br>аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуы;<br>бір ұйыммен, оның ішінде қаржы ұйыммен 7 (жеті) жыл бойы аудитті үздіксіз жүзеге асырылған жағдайда ротациялауға жатады.<br>2) ұлттық компаниялардың, ұлттық холдингтердің және ұлттық басқарушы холдингтердің, жер | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | қойнауын пайдаланушылардың аудиті бойынша:<br>аудиторлық ұйым басшысының аудиторлық қызметпен айналысу мерзімі кемінде 5 (бес) жыл;<br>қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша кемінде 10 (он) аудиттелетін субъектілер бойынша аудиторлық есептердің болуы;<br>кәсіби бухгалтер сертификаты бар кемінде 2 (екі) маманның болуы.<br>3) Қаржы ұйымдары және "Қазақстанның Даму Банкі" Акционерлік қоғамы бойынша аудиторлық ұйымның құрамында:<br>бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales (ICAEW), Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар, немесе соңғы бес жылдың 3 (үш) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" деген біліктілік куәлігі бар топтың басшысы болып табылатын маманы бар; | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құрамында бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales (ICAEW), Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар немесе соңғы бес жылдың 2 (екі) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" біліктігі бар кемінде 2 (екі) маманы бар;<br>аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде аудиттелетін қаржы ұйымы алдында өтелмеген қарызы болмауы;<br>аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде құрамында аудиттелетін қаржы ұйымының алдында банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит шарты бойынша берешегі жоқ аудитор және (немесе) топ басшысы | | |
| 16 | Салықтар бойынша аудиторлық қорытындыны аудиттелетін субъектінің орналасқан жеріндегі мемлекеттік кіріс органына ұсынуы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | 2 (екі) ай ішінде "4"-тен төмен баға алған жағдайда, сапаны бақылау комитетінің және (немесе) кәсіби аудиторлық ұйымның шешімімен айқындалатын мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюуы | | |

Лауазымды адам (адамдар)_______________________________________________

_______________________________________________________________________

лауазымы қолы

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

_______________________________________________________________________

лауазымы қолы

_______________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2019 жылғы 15 шілдедегі
№ 724 және Қазақстан
Республикасы Ұлттық
экономика министрінің
2019 жылғы 16 шілдедегі
№ 65 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

**Тексеру парағы**

Ескерту. Бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 14.06.2021 № 568 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2021 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2025 № 815 және Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.12.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес аудиторлық қызмет саласындағы кәсіби аудиторлық ұйымдарға қатысты

Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы
акт __________________________________________________________________
№ ______________________ күні __________________________________________
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _________________________________
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру
нөмірі ___________________________________________________
Орналасқан жерінің мекенжайы __________________________________________
___________________________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсыну; Кәсіби аудиторлық ұйымның қызметі туралы жартыжылдық есеп ( есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсыну. | | |
| 2 | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсыну; Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын өткізуі және сертификаттар беруі туралы жыл сайынғы есеп (есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін) ұсыну. | | |
| 3 | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсыну; Міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есеп (есепті кезеңнен | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсыну. | | |
| 4 | Уәкілетті органға уақтылы және дұрыс есептілікті ұсыну; Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің, кәсіби аудиторлық ұйымның сапаны сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдардың сапасына жүргізілген сыртқы сапа бақылауы туралы тоқсан сайынғы есеп (есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін) ұсыну. | | |
| 5 | Кәсіби ұйым кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға қатысты сапаны сыртқы бақылау жүргізу 3 (үш) жылда бір рет жүргізу. | | |
| 6 | Кәсіби ұйымның құрылтайшылары мен қатысушыларының болып табылатын аудиторлар немесе аудиторлық ұйымдардың ғана болуы. | | |
| 7 | Уәкілетті органның ескерту хаты шығарылған себептерді 3 (үш) ай ішінде жою. | | |
| 8 | Мүшелер қабылдаған (шығып кеткен, шығарылған), сондай-ақ басқару жұмыс органының дербес құрамы өзгерген жағдайда, осы өзгерістер туралы уәкілетті органға хабарлау. | | |
| 9 | Өз қызметін аудитор ретінде жүзеге асыратын аудиторлардың ғана сапаға сыртқы бақылау жүргізуі. | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Сапаны жоспардан тыс сыртқы бақылау негіздерін сақтауы: аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және кәсіптік ұйымдардың әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) өтініш кәсіби кеңес немесе кәсіби ұйыммен алған жағдайда;<br>аудиторлар және (немесе) аудиторлық ұйымдар жұмысының нәтижелерімен келіспеген жағдайда;<br>кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілерінің бастамасы бойынша;<br>аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және кәсіптік ұйымдардың қызметіне байланысты келіп түскен өтініштерге сәйкес уәкілетті органның бастамасы бойынша. | | |
| 11 | Аудиторлық ұйымдар - кәсіби ұйым мүшелерінің орташа санының 10 (он) пайызында, бірақ кемінде 5 (бесеуінде) күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылу фактілерінің болмауы. | | |
| 12 | Бекітілген ішкі жоспар бойынша әрбір аудиторлық ұйым бойынша сапаға жоспарлы сыртқы бақылау жүргізу мерзімдерінің сақталуы. | | |
| 13 | Аудиторлармен сыртқы сапаны бақылау жүргізу мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен аспайды. | | |
| | Сыртқы сапаны бақылау қорытындылары бойынша бағаны | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | айқындау мерзімі 2 (екі) айдан аспайды. | | |
| | Сапаға сыртқы бақылау жүргізу тәртібін сақтау:<br>сапаны сыртқы бақылау рәсімін ұйымдастыру жөніндегі мәселелері;<br>сапаға сыртқы бақылау рәсіміне қатысқан бақылаушының не басқа адамдарды шеттетудің (өздігінен бас тартудың) негіздері;<br>сапаға сыртқы бақылау жүргізудің бағдарламасы мен кезеңдері;<br>құрылтайшы және құқық белгілеуші құжаттар, лицензиялар, аудиторлардың біліктілік куәліктері, аудиторлардың біліктілігін арттыру бойынша құжаттар, кадрлық құрам жөніндегі құжаттар, аудит сапасына сыртқы бақылау жөніндегі ішкі құжаттар, орындалған аудиторлық тапсырмалар бойынша жұмыс құжаттары қамтылатын аудиторлық ұйымның сапасына сыртқы бақылауды жүргізуге жататын құжаттарының тізбесі;<br>сапаға сыртқы бақылауға жататын аудит бойынша жобаларды іріктеу, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болдырмайтын бақылаушыларды іріктеу өлшемшарттары (тәуелсіздікті қамтамасыз ету);<br>аудиторлық қызмет көрсету шартын орындауға аудиторлық ұйым жолдаған ресурстардың жеткіліктілігі; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | аудиторлық ұйымның сапасына ішкі бақылау жүйесі;<br>ішкі бақылау қағидаларының және оларды жүзеге асырудың мынадай бағдарламаларының болуы:<br>қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламалары;<br>технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттердің тәуекелдерін және көрсетілетін қызметтерді қылмыстық мақсаттарда пайдалану тәуекелдерін ескеретін, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға тәуекелін басқару бағдарламалары;<br>клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасын;<br>клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасын;<br>қаржы мониторингі субъектілерін қылмыстық | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында даярлау және оқыту бағдарламасын;<br>жекелеген аудиторлық тапсырмалардың сапасын тексеру мәселелері;<br>сапаны бақылау комитеті мен кәсіби ұйым сапаға сыртқы бақылау жүргізу барысында қол жеткізген ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;<br>бақылаушылардың есептілігі мен аудиторлық ұйымның сапаға сыртқы бақылаудан өту нәтижелерін ресімдеу<br>аудиторлық ұйымның сапаны сыртқы бақылаудан өту нәтижелерін іске асыруы жөніндегі шаралар. | | |

Лауазымды адам (адамдар) ____________________________________________________

_________________________________________________________________

лауазымы қолы

_________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы ________________________________________

лауазымы қолы

_________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2019 жылғы 15 шілдедегі
№ 724 және Қазақстан
Республикасы Ұлттық

экономика министрінің
2019 жылғы 16 шілдедегі
№ 65 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

**Тексеру парағы**

Ескерту. Бұйрық 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 15.12.2022 № 1285 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.12.2022 № 127 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2025 № 815 және Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.12.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес аудиторлық қызмет
саласындағы аудиторлық ұйымдарға қатысты
Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________
__________________________________________________________________
Тексеруді тағайындау туралы акт ________________________________________
№ _____________________________ күні__________________________________
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ________________________________
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-
сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________________
Орналасқан жерінің мекенжайы _______________________________________________
__________________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | Аудиторлық ұйымның құрамында кемінде 2 (екі ) адамнан тұратын (оның ішінде басшысының және (немесе) құрылтайшылардың ( қатысушылардың) болуы | | |
| 2 | Аудитордың өз қызметін аудитор ретінде тек бір аудиторлық ұйымның құрамында жүзеге асыруы | | |
| | Аудиторлық ұйымның жарғылық капиталында аудиторға (аудиторларға) | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | және (немесе) шетелдік аудиторлық ұйымға ( ұйымдарға) тиесілі үлесінің кемінде жүз пайыз болуы | | |
| 4 | Аудиторлық ұйымның басшысына қатысты бұрын ол жетекшілік еткен аудиторлық ұйымның лицензиясынан айыру туралы мәліметтердің болмауы | | |
| 5 | Аудиторлық ұйым басшысының, сондай-ақ аудиторларда аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы берген "аудитор" біліктілік куәлігінің болуы | | |
| 6 | Филиал басшысының Қазақстан Республикасының аумағында филиал құрған жағдайда, " аудитор" біліктілік куәлігінің болуы | | |
| 7 | Орта немесе ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады | | |
| 8 | Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының резиденті-басқа аудиторлық ұйымның қатысушысы болмайды | | |

Лауазымды адам (адамдар) ________________________________________________

__________________________________________________________________________

лауазымы қолы

__________________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

__________________________________________________________________________

лауазымы қолы

___________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2019 жылғы 15 шілдедегі
№ 724 және Қазақстан
Республикасы Ұлттық
экономика министрінің
2019 жылғы 16 шілдедегі
№ 65 бірлескен
бұйрығына 5-қосымша

**Тексеру парағы**

Ескерту. Бұйрық 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 15.12.2022 № 1285 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.12.2022 № 127 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2025 № 815 және Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.12.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес аудиторлық қызмет
саласындағы кәсіби аудиторлық ұйымдарға қатысты
Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

___________________________________________________________________

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ______________________________

___________________________________________________________________

Тексеруді тағайындау туралы акт ____________________________________.____
№, ________________________________ күні ___________________________
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ______________________________

___________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі __________________________________________
Орналасқан жерінің мекенжайы ________________________________________

___________________________________________________________________

| **№** | **Талаптар тізбесі** | **Талаптарға сәйкес келеді** | **Талаптарға сәйкес келмейді** |
| --- | --- | --- | --- |
| | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | ғана кәсіби ұйымдардың құрылтайшылары мен қатысушылары болуы | | |
| 2 | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар бір ғана кәсіби ұйымның мүшесі болуы | | |
| 3 | Кәсіби ұйымдардың басқару органы соңғы бес жылдың ішінде кемінде 3 жыл аудит саласында жұмыс тәжірибесі бар кемінде үш аудитор - кәсіби ұйымның мүшелері қатарынан құрылады | | |
| 4 | Кәсіби ұйымда жұмыс органдарының болуы:<br>сапаны бақылау бойынша ;<br>аудит және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша;<br>аудиторлардың біліктілігін арттыру бойынша;<br>әдеп мәселелері бойынша ;<br>дауларды қарау бойынша | | |

Лауазымды адам (адамдар) ______________________________________________

___________________________________________________________________

лауазымы қолы

___________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы ________________________________________

___________________________________________________________________

лауазымы қолы

___________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК